



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

---

PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

и гаджеты на веб-сайте университета. Веб-сайт учебного заведения должен быть обобщен в интернет-сообществе: чтобы наиболее полно проявить себя во всемирной паутине, а главное привлечь отечественную аудиторию в лице студентов и преподавателей. Сформировать реальный контент, использовать современные методы привлечения целевой аудитории такие как: поисковая оптимизация, маркетинг в социальных сетях, контекстная реклама.

Привнести системность этим процессам, обязанность специальных служб, поддерживающих работу веб-сайта. Служба поддержки сайта университета должна кроме технических задач организовывать процесс планирования и развития сайта, для его более долгосрочного использования. Должна заниматься поиском и изучением новых форм, технологий и методов работы с потребностями и интересами целевой аудитории, содействовать развитию компетенций в области ИКТ для пользователей сайта.

#### Список использованных источников

1. Павлов А.И. О новом подходе Ajax к разработке веб-приложений [Электронный ресурс] // 1-я Байкальская рег. науч.-практ. конф. с междунар. участием «Инфокоммуникационные образовательные технологии: модели, методы, средства, ресурсы». – 2012.
2. Технологии web 2.0 в обучении на программах открытого университета Великобритании [Электронный ресурс] / Р. Романов // Журнал Сообщества Web 2.0 в обучении в вузе. – 2009. – Вып. 2. Октябрь.
3. Хантаев Ф.Р. Опыт внедрения службы сервисов Google (Google Apps) в деятельность пресс-службы БГУ [Электронный ресурс] // 1-я Байкальская рег. науч.-практ. конф. с междунар. участием «Инфокоммуникационные образовательные технологии: модели, методы, средства, ресурсы». – 2012.

ӘОЖ 004.4

## Е-LEARNING ОҚЫТУДЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Майданов Адиль Кокенович

[mydoneoff@gmail.com](mailto:mydoneoff@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Информатика кафедрасының магистранты  
Ғылыми жетекшісі – ф.-м.ғ.к., доцент Г.Қ. Абдрашева

**Кілттік сөздер:** e-learning, distance learning, электронды оқыту

**Е-Learning термині нені білдіреді ?**

«E-learning» сөз тіркесіндегі «е» әрпі e-(lectronic) – электронды learning – оқыту, яғни e-Learning термині электронды оқыту деген мағынаны білдіреді. E-(lectronic) learning оқу материалдарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін арнайы құралдар болып табылады. Бұл web-технологиялар болуы мүмкін (online оқыту) немесе әртүрлі мультимедиялық платформалар, мультимедиялық электронды оқыту құралдары болуы мүмкін (offline-оқыту)

**«E-Learning» терминіне байланысты жиі қолданылатын анықтамалар**

E-Learning – білім беру үдерісін қолдау үшін құрылымдалған, компьютерлік технологияларды мақсатты пайдалану.

E-Learning желілік технологиялар негізінде жасалынған, ол білім беру әдістерінің және де интернет-технологиялардың мүмкіншіліктерінің интеграциясы болып табылады .

**Электрондық оқыту** саласында қолданылатын балама термин WBT қысқарған сөзі болып табылады. WBT – web based teaching немесе web based training – web технологияларға, яғни online-оқытуға негізделген оқыту жүйесі. Тағы да **электронды оқытуға** жақын термин ол «**дистанционды немесе қашықтықтан оқыту**».

**Электронды оқытуды кім және қалай қолданады ?**

**Электронды оқытуды** кез келген ғылым саласында қолдануға болады. Бұл оқытудың

формасы басқа оқытудың формаларынан қандай артықшылықтары бар ? Соған тоқталып өтейік. Электронды оқыту формасын қолданудың бірнеше кең таралған себептері бар. Олар:

- Жанама шығандарды азайту (жол жүру ақысы, тұру ақысы, залды жалға алу);
- Басқа елде тұратын қызметкерлерді, әріптестерді және клиенттерді оқыту проблемасын шешілуі;
- Кез-келген уақытта оқытуды қамтамасыз ете алу.

Бірақ та E-Learning корпоративті оқыту жүйесін толық алмастыра алмайды. Әрине электронды оқытудың бірқатар артықшылықтарына ие, бірақ оның кемшіліктері бар. Артықшылықтарына біз оның төмен бағасын, уақыт және географиялық шектеулердің боламауын, мультимедианың барлық мүмкіндіктерін қоса алуын, ұтқырлығын, бақылау құрылғыларының кең ауқымды болуын жатқыза аламыз.

### E-Learning оқытудың тарихы

«E-Learning» («электронды оқыту») термин ретінде 1999 жылы пайда болды, сол жылы танымдық-мінез-терапия (ТМТ) жүйелері семинарында алғаш рет бұл термин қолданылды. Осы терминнің сипаттамасын нақтылау үшін басқа терминдер пайда бола бастады. Олар: «Онлайн-оқыту» және «виртуалды оқыту» терминдері. Алайда электронды оқытудың астарындағы жатқан принциптер адамзат тарихы бойы құжаттар түрінде

ресімделгені мәлім. Тіпті электронды оқыту ерте формалары сонау 19 ғасырда-ақ болғандығына дәлелдер бар.

### E-Learning оқытудың хронологиясы

Интернет пайда болғанға дейін, ұзақ уақыт бұрын, қашықтықтан оқыту курстары студенттерге нақты пәндерден білім алу үшін және дағдыларды қалыптастыру үшін ұсынылды. 1840 жылы ағылшын ғалымы-стенограф Айзек Питман өзінің студенттерін ауызша айтылған сөздерді арнайы символдармен ауыстырып және көптеген қысқартуларды қолданып жазуды үйреткен. Бұндай жазу түрі «Питман стенографиясы» деп аталып кетті. А.Питман құрастырған стенографиясы арқылы жазу жылдамдағын 4-7 есе арттыруға болады. Осындай символдар арқылы жазу формасы журналистер мен хатшылар арасында танымал болды. Біліктілігі жоғары мұғалім болған А.Питман өз студенттерінен тапсырмаларды пошта арқылы қабылдайтын. Студенттер стенография жазу формасын қолданып, дайын тапсырмаларды мұғалімге жіберетін. Осылайша Айзек Питман бірінші болып қашықтықтан оқыту курсы жүргізген мұғалім болды.

1924 жылы, алғашқы «тестілейтін машина» ойлап табылды. Бұл құрылғы студенттерге арнайы тесттер өтіп өз өздерін тексере алуына мүмкіндік берді.

e-Learning ТАРИХЫ		
1924		Алғашқы "тест машинасы" сәтсіздікке ұшырады
1954		Скиннердің бірінші "Оқытушы машинасы"
1960		PLATO - бірінші компьютерге негізделген оқыту бағдарламасы
1966		Пало Альто бастауыш мектептерінде компьютерлерді математика сабағында қолданады
1969		АҚШ Қорғаныс Министрлігі АПРАНЕТ негізінде ИНТЕРНЕТ жасайды
1970		Графикалық интерфейстің және тінтуірдің пайда болуы
1980 ж		Макинтоштың пайда болуы. Онлайн ақпаратпен алмасудың басталуы
1990 ж		Бірінші "сандық өркениеттің" дүниеге келуі. Виртуалды оқыту ортасының қалыптасуы
2000 ж		Онлайн курстар жасауға қажет барлық құралдардың қолжетімді болуы
2010+		Әлеуметтік жүйелерде интерактивті оқытуды ұйымдастырудың

1-сурет. E-Learning оқытудың хронологиясы

Содан кейін, 1954 жылы, Гарвард профессоры, Б.Ф. Скиннер «оқытушы машинаны» ойлап тапты. Бұл құрылғы мектептерде бағдарламаланған оқытуды оқушыларға жүргізуге мүмкіндік берді. Ал 1960 жылы бірінші компьютерге негіздерлен оқыту бағдарламасы ұсынылды. Бұл компьютерге негіздерген оқыту бағдарламасы PLATO (Programmed Logic for Automated Teaching Operations.) атымен белгілі болды. PLATO қысқарған сөзі ағылшыннан Автоматтандырылған Оқыту Операцияларды жүргізуге арналған Бағдарламаланатын Логика деп аударылады. Алғашқыда осы оқыту бағдарламасы Иллинойс штатының Университет талапкерлеріне әзірленген болатын, алайда кейін осы бағдарлама барлық аудандардың мектептерінде қолданыла бастады.

### **Қазіргі таңдағы онлайн-оқыту**

20-шы ғасырдың соңында пайда болған компьютер және Интернет, электронды оқыту құралдарын және оның жеткізу әдістерін кеңейтті. Алғашқы 1980 жылы шыққан MAC жеке тұлғаларға өз үйлерінде компьютерлер бар болуына мүмкіндік пайда болды, ал бұл нақты пәндер бойынша білім алуға және белгілі бір біліктілік жиынтығын дамытуға жол ашты. Содан кейін, келесі онжылдықта, виртуалды оқыту орталары, онлайн ақпарат адамдарға қол жетімді болған кезден бастап тез дами бастады.

2000-шы жылдары компаниялар өз қызметкерлерін оқыту үшін электронды оқыту жүйесін пайдалана бастайды. Жаңа және тәжірибесі бар қызметкерлер, енді өздерінің салалық білім базасын жетілдіруге және олардың біліктілік жиынтықтарын кеңейтуге мүмкіндік алды. Арнайы оқыту бағдарламалары қолжетімді болған кезде, адамдар үйде отырып білім алуға жол ашты. Қазіргі таңда электронды оқыту бұрын-соңды болмағандай танымал болып табылады, өйткені оны пайдаланатын және үнемі жақсартып отыратын адамдар көп [1].

### **E-Learning оқытудың даму бағыттары**

E-Learning даму бағыттары кең болып табылады. Қазіргі заманғы ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жылдам қарқынмен дамып отырғанын байқай келе, электронды оқыту жүйесінің болашағында не күтіп тұрғанын тек елестетуге болады.

- Бүкіл әлемде таралуы

Қазіргі кезде электронды оқытудың ең ірі нарығы АҚШ елінде болып табылады. Еуропа екінші орында тұр. Қашықтықтан білім беру нарығының өсу қарқыны өте жоғары. Сондықтан болашақта (**перспективада**) электронды оқыту дамуының ауқымы барлық елдерді қамтитынына күмән жоқ. Бұл мемлекеттің әлеуетін дамыту үшін тамаша мүмкіндік болып табылады. Сонымен қатар, әр елде қашықтықтан білім беру жүйесін енгізу, құрлықтар (континенттер) арасындағы виртуалды шекараны өшіру көмектеседі.

- Ғаламдық бірлескен халықаралық жобалар

e-Learning тақырыбы жаһандық деңгейде талқылануда. Осыған байланысты тұрақты саммиттер, конференциялар ұйымдастырылып жатыр, шексіз келіссөздер мен талқылаулар жүргізіліп жатыр.

- Біліктілік деңгейін арттыру.

E-Learning жүйесі дамуындағы тағы бір өте маңызды мәселе біліктілік деңгейін арттыру болып табылады. Қашықтықтан оқыту құралдар үнемі жетілдірілуде. Бұл ұсынылып отырған электронды оқулықтың мазмұнында және қандай да бір технологиялық аспектілерінде көрініс табады.

Пайдаланушылардың электронды оқытуға қызығушылығын және басқа да факторларды бағалай келе, біз электронды оқыту жүйесі тез арада дәстүрлі білім беру жүйесіне қарағанда танымал болады деп болжам жасай аламыз [2].

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. <https://www.efrontlearning.com/blog/2013/08/a-brief-history-of-elearning-infographic.html>
2. <http://www.towave.ru/pub/e-learning-mify-vozmozhnosti-perspektivy.html>